

Білім беру ұйымдарында оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2004 жылғы 18 қарашадағы N 946 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2004 жылғы 15 желтоқсанда тіркелді. Тіркеу N 3282. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 29 қарашадағы N 583 Бұйрығымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007.11.29. N 583 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 22 қазандағы N 319-ө өкімін орындау үшін БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Білім беру ұйымдарында оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру ережесі бекітілсін.

2. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаменті (К.Құрманәлиев) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге ұсынсын.

3. Осы бұйрық тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

М и н и с т р д і ң

міндетін атқарушы

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Б і л і м ж әне ғ ы л ы м м и н и с т р і н і ң
2 0 0 4 ж ы л ғ ы 1 8 қ а р а ш а д а ғ ы
N 946 бұйрығымен бекітілген

Білім беру ұйымдарында оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру ережелері

1. Жалпы ережелер

1. Білім беру ұйымдарында оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленген.

2. Осы ереже білім беру ұйымдарында жалпы орта, кәсіптік бастауыш, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын оқу-әдістемелік жұмыстарды реттейді.

3. Ережеде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

оқу-әдістемелік жұмыс - білімдік процесінің оқытушылық, тәрбиелік және дамушылық мақсаттарға жеткізу үшін, оны психологиялық-педагогикалық, дидактикалық-әдістемелік және оқу-материалдық нысандармен қамтамасыз етудің беру ұйымдарының қызметі;

әдіскер - оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік жұмыстарды орындаушы білім беру ұйымдарының педагогикалық қызметкері;

әдістемелік (оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік) кеңес - білім беру ұйымын оқу-әдістемелік жұмысын алқалық басқарудың нысаны;

оқу (оқу-әдістемелік) жұмысы жөніндегі білім беру ұйымы жетекшісінің орынбасары - білім беру ұйымының оқу-әдістемелік жұмысын тікелей басқарушы жетекшінің лауазымы;

оқу-әдістемелік басқарма (орталық, бөлім, кабинет) - білім беру ұйымдарында оқу-әдістемелік жұмысты жүзеге асырушы құрылымдық бөлімшелер;

оқу-әдістемелік бірлестіктер - әр түрлі деңгейдегі білім беру бағдарламаларын іске асыру жөніндегі ұсыныстар мен ұсымдарды енгізу үшін салалық (мамандық топтары, пәндер), аумақтық белгілері бойынша білім процесі субъектілерінің бірігуі.

4. Білім беру ұйымдарындағы оқу-әдістемелік жұмыстың міндеттері:

білім беру бағдарламаларын іске асыруды ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету ;

білім беру процесінің қолданыстағы технологиялары, әдістері, құралдары мен нысандарын әзірлеу, енгізу және жетілдіру;

педагогтың шығармашылық ойлауын дамыту, педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін және кәсіби шеберлігін арттыруды қамтамасыз ету, педагогикалық ұжымның ғылыми-әдістемелік мүмкіндігін жетілдіру.

5. Білім беру ұйымдарындағы оқу-әдістемелік жұмыс (бұдан әрі - оқу-әдістемелік жұмыс) Қазақстан Республикасының қолданыстағы Заңдарына, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына және осы Ережеге сәйкес жүзеге асырылады.

2. Білім беру ұйымдарындағы оқу-әдістемелік жұмыстың мазмұны

6. Жалпы орта білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы оқу-әдістемелік жұмысқа мынадай бағыттар кіреді:

1) ғылымның теориялық, әдіснамалық негіздерін, педагогика мен психологияның жетістіктерін, дүниетанымын, өзіндік жұмыс, өзіндік білім, білік

және дағдыны, қалыптастыратын, ақыл-ес және танымдық белсенділікті дамытатын тиімді әдістерді игеру;

2) білім беру саласындағы нормативтік құжаттармен танысу;

3) оқытудың, сыныптан тыс, мектептен тыс пәндік және тәрбие жұмыстарының, түрлі нысандары мен түрлерін шығармашылық түрде меңгеру және зерделеу;

4) үздік, жаңашыл тәжірибемен және оның идеяларын шығармашылықпен пайдалану, қызметтерімен және менеджменттің прогресивті идеяларымен, инновацияларымен танысу;

5) оқу-тәрбие процесін жетілдіруге және білім беру ұйымының педагогтарына практикалық көмек көрсетуге, бағытталған әдістемелік жұмыстың әр түрлі нысандарын дайындау және өткізу;

6) оқыту сапасын, оқыту жетістіктерінің деңгейін, оқушылардың тәрбиесін талдау;

7) педагогикалық қызметкерлер және оларға теңестірімен аттестаттау рәсіміне белсенді қатысу;

8) әдістемелік өнімді әзірлеу және шығару;

7. Кәсіптік бастауыш және кәсіптік орта білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы оқу-әдістемелік жұмыс мынадай бағыттардан тұрады:

1) нормативтік құқықтық құжаттарды, білім беруді басқару органдарының ұсынымдарын, оқу-бағдарламалық құжаттарды зерттеу және талдауды ұйымдастыру, оларға толықтырулар мен түзетулер енгізу;

2) оқу орындарында мақұлдаудан өткізу үшін ұсынылған авторлық бағдарламаларды талқылау;

3) еңбек нарығының талаптарын ескере отырып, кәсіптер тізбесін өзгерту бойынша ұсыныстар енгізу;

4) ағымдық, аралық қорытынды бақылауды талқылау; білім алушылардың білімнің, дағды сапасын талдау және нәтижелерді жақсарту жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу;

5) педагогикалық тәлімгерлікті ұйымдастыру, еңбек жолын жаңа бастап жатқан педагогикалық қызметкерлер мен өндірістік оқыту шеберлеріне оқу сабақтары мен сабақтан тыс іс-шараларды дайындау мен өткізуде көмек көрсету;

6) сабақтарға өзара қатысуды ұйымдастыру, ашық сабақтар өткізу және оларды талқылау; ғылым және техника жетістіктерін, оқу-тәрбие жұмысындағы алдыңғы қатарлы тәжірибені және оқытудың жаңа технологияларын зерттеу, сұрыптау және енгізу;

7) пәндер мен кәсіптер бойынша конкурстар, олимпиадалар ұйымдастыру;

8) педагогикалық, ғылыми, әдістемелік әдебиеттерге, рефераттарға,

әдістемелік әзірлемелер мен құралдарға, оқытудың техникалық құралдары және электрондық-есептеу техникасына шолу жасауды ұйымдастыру;

9) ынтымақтастық педагогикасы, өзін-өзі басқару жөніндей жұмыстарды жетілдіру, оқу-тәрбие процесінің жақсаруына және еңбекті ұйымдастыру, өзара тексеру және өзара көмектің тиімді нысандарын кеңінен қолдануға білім алушыларды тарту.

8. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім беру бағдарламалар іске асыратын білім беру ұйымдарындағы оқу-әдістемелік жұмыс мынадай бағыттардан тұрады:

1) нормативтік құқықтық құжаттарды, кәсіптік жоғары білім мамандықтарының жіктеуішін, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізу;

2) оқу процесіне қазіргі оқу-әдістемелік және дидактикалық материалдарды, және оқытудың автоматтандырылған жүйелерін бағдарламалық қамтамасыз етуді, ақпараттық қамтамасыз ету жүйелерін, ақпараттық кітапханалық жүйелерін енгізу;

3) оқу жұмыс, күнтізбелік және сабақ жоспарларын, оқу жұмыс бағдарламаларын әзірлеу, типтік оқу бағдарламасының жобаларын дайындауға қатысу;

4) оқулықтар, оқу-әдістемелік кешендер, оқу-әдістемелік құралдар, оның ішінде электрондық тасымалдағыш құралдары мен дидактикалық материалдарды әзірлеу;

5) алдыңғы қатарлы педагогикалық тәжірибе мен білім беруді ақпараттандыруды қорыту және тарату жөніндегі іс-шараларды өткізу;

6) дидактикалық-әдістемелік, оқу материалдық оқыту құралдарын дайындау және енгізу;

7) оқытудың жаңа технологиялары бойынша оқу-әдістемелік құжаттар әзірлеу және енгізу;

8) мәнделес мамандықтар бойынша білім беру бағдарламаларын бірыңғайландыру жөніндегі ұсыныстарды енгізу;

9) оқу жұмыс жоспарлары мен оқу жұмыс бағдарламаларын мемлекеттік жалпыға бірдей білім беру стандарттарының талаптарын ескере отырып сараптау;

10) білім алушылардың ағымдық үлгеріміне арналған оқу-әдістемелік жұмыстың ұйымдастырылуының әсерін талдау;

11) тест тапсырмалары мен білім алушылардың білімін бақылаудың басқа да нысандарын әзірлеу және сараптау;

12) білім беру процесін оқу әдебиеттерімен және әдістемелік әзірлемелермен қамсыздандыру мониторингін жүзеге асыру;

13) білім алушылардың өзіндік жұмысын әдістемелік қамтамасыз етуді әзірлеу;

14) оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің және оқу-әдістемелік құралдардың сапасына талдауын жүргізу;

15) оқыту сапасын, білім алушылардың оқу жетістіктерінің деңгейін талдау;

16) оқу-әдістемелік жұмысты жетілдіру бойынша семинарлар, конференциялар, отырыстар ұйымдастыру және жүргізу;

17) білім алушылардың әр жылғы контингентін олардың бейінін, дайындық деңгейін және мүмкіндіктерін ескере отырып, құру жұмысын әдістемелік қамтамасыз етуді әзірлеу;

18) жүргізіліп жатқан және келешектегі даярлау бағыттары мамандар бойынша мұқтаждығын болжау үшін деректер базасын құру мақсатында маркетингтік зерттеулерді ұйымдастыру;

19) бітірушілерді жұмыспен және оқу орнын бітіргеннен соң оқу мен қамту жөніндегі әдістемелік қамтамасыз етуді әзірлеу (мамандарға сұранысты зерттеу, бітірушілерді сауалнамадан өткізу, кәсіпорындармен байланыс жасау, бітірушілерді бөлу картасын құру, бітірушілер жәрмеңкесін ұйымдастыру);

20) білім беру процессін келешектегі демографиялық, экономикалық және салалық ахуалды ескере отырып өңірлер бойынша және жалпы ел бойынша жоспарлауды ұйымдастыру;

21) оқытудың барлық деңгейінде мемлекеттік, орыс және шет тілдерін оқыту жөнінде ұсынымдар әзірлеу;

3. Білім беру ұйымдарының құрылымдық бөлімшелеріндегі оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру

9. Оқу-әдістемелік жұмыс оқу процесін, жалпы орта, кәсіптік бастауыш, кәсіптік орта жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіптік білім беру (кафедраларда, бөлімшелерде, факультеттерде, филиалдарда) бағдарламаларын іске асыратын және үйлестіретін барлық құрылымдық бөлімшелерде жүзеге асырылады.

10. Мамандандырылған құрылымдық бөлімше оқу-әдістемелік жұмысты білім беру ұйымдарының жарғысымен қарастырылған, тәртіппен бекітілген осы Ереженің негізінде жүзеге асырады.

11. Оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі мамандандырылған құрылымдық бөлімшелердің қызметкерлері әдіскерлер болып табылады, олардың санын мамандықтардың санына қарай аталған жоғары оқу орындарының мамандануына, сондай-ақ білім алушылар мен оқытушылардың санына қарай білім беру ұйымының кеңсесімен белгіленеді.

12. Мамандандырылған құрылымдық бөлімшелер мынадай оқу-әдістемелік жұмыстарды жүзеге асырады:

1) кафедралардың бөлімдердің, факультеттердің оқу-әдістемелік жұмысына
б а с ш ы л ы қ ж а с а у ;

2) оқу-әдістемелік жұмыстар бойынша нормативті-құқықтық құжаттарды сараптау және оларға әдістемелік кеңестердің қарауы үшін ұсынымдар;

3) оқу-тәрбие процесінің, әдістемелік жұмыстың жай-күйін талдау және оларды жетілдіру жөнінде ұсыныстар айту;

4) оқу-әдістемелік өнімдердің баспадан шығарылуына және таратылуына талдау және ұсыныс жасау.

13. Оқу-әдістемелік жұмысты алқалық басқару білім беру саласындағы және осы Ережелер аумағында ҚР орталық атқарушы органы белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.

14. Жалпы орта білім беру бағдарламаларын іске асыратын оқу орындарының оқу-әдістемелік жұмысына басшылықты жергілікті білім беруді басқару ұйымының әдістемелік кабинеті жүзеге асырады.

15. Білім беру ұйымының оқу-әдістемелік жұмысын тікелей басшылықты білім беру ұйымы басшысының оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары жүзеге асырады.

16. Құрылымдық бөлімшелердің оқу-әдістемелік жұмысына жалпы басшылықты сайланбалы өкілетті органдар және тиісті әдістемелік кеңестері (оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік) жүзеге асырады. Құрылымдық бөлімшелердің әдістемелік кеңесінің құрылу тәртібі мен қызметі, құрамы мен өкілеттілігі білім беру ұйымының кеңесімен анықталады.

17. Ұжымдық әдістемелік жұмыстың нысаны болып пәндік және циклдік комиссиялар, озық тәжірибелі мектептер, нұсқаулық-әдістемелік мәжілістер, семинарлар, дәрістер, практикалық сабақтары және конференциялар болып табылады.

18. Әдістемелік пәндік және циклдік комиссиялар үш және одан да көп арнайы және жалпы білім беретін пәндер оқытушылары, мамандықтар бойынша өндірістік оқыту шеберлері болған жағдайда құрылады.

Әдістемелік комиссияны құру үшін оқытушылар саны жетіспеген жағдайда білім беру ұйымының басшылығы бірнеше аудандар мен қалалардың білім беру ұйымдарының тиісті пәндері (мамандықтары) бойынша педагог қызметкерлерді біріктіретін комиссияны жұмысқа тартуы қажет.

19. Әдістемелік комиссияға басшылықты өндірістік оқытудың шеберлері мен аса тәжірибелі оқытушылардың арасынан таңдап алынған төрағалар жүзеге асырады. Әдістемелік комиссиялардың жұмысына ғылыми мекемелердің ғылыми және педагог қызметкерлері, кәсіпорындардың мамандары тартылады.

20. Оқу-әдістемелік құжаттама білім беру ұйымдарының тиісті құрылымдық бөлімшелерінде әзірленеді, әдістемелік комиссиясында білім беру орындарының,

құрылымдық бөлімшелердің әдістемелік кеңестерінде талқыланып, оң шешімге ие болған соң, оқу орны басшысының, басшысының оқу ісі, оқу-әдістемелік ісі жөніндегі орынбасарлары бекітеді.

21. Білім беру ұйымдарының құрылымдық бөлімшелері мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарға, типтік оқу жоспарларына сәйкес оқу жұмыс жоспарын әзірлейді. Олар құрылымдық бөлімшелердің, (факультеттердің, бөлімдердің) әдістемелік комиссиясында, білім беру мекемесінің оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі мамандандырылған құрылымдық бөлімшелердің әдістемелік кеңестерінде және барлық тиісті әдістемелік кеңестерде қаралып, оң шешімге ие болған соң, білім беру ұйымының басшысы тарапынан бекітіледі.

22. Оқу жұмыс бағдарламасының және күнделікті оқу жоспарларын оқытушылар типтік оқу бағдарламасына сәйкес жасайды да, ол білім беру ұйымының құрылымдық бөлімшелерінің әдістемелік кеңесінде қаралып, білім беру ұйымы басшысының оқу ісі (оқу-әдістемелік ісі) жөніндегі орынбасары тарапынан бекітіледі.

23. Білім беру ұйымдары үшін оқу әдебиеттерін дайындау мен басып шығаруды ұйымдастыруды білім беру саласындағы орталық атқарушы орган белгіленген тәртіппен жүзеге асырады.

24. Оқулықтарды, оқу-әдістемелік құралдарды әзірлеуді жоғары білікті мамандардан тұратын авторлар ұжымы немесе авторлар жүзеге асырады. Оқулықтың, оқу-әдістемелік құралдың макеті (нұсқасы) әдістемелік комиссияның, құрылымдық бөлімшелердің әдістемелік кеңесінде қаралып, оң шешімге ие болған соң, оқу орны кеңесіне қарауға жіберіледі. Оқу орнының кеңесінде ұсынған оқулықтың, оқу-әдістемелік құралдардың макеті сараптама өткізуге және қолдануға рұқсат алу үшін ғылыми дәрежесі бар мамандардың және ғылымның осы саласында алған жоғары дәрежесі бар мамандардың және ғылымның осы салада алған жоғары дәрежесі (санаты) бар мұғалімдердің тарапынан кем дегенде 3 пікірі білім беру орнының орталық атқарушы ұйымына берілді.

25. Әдістемелік нұсқаулар мен ұсынымдарды білім беру ұйымдарының оқытушылары әзірлейді. Әдістемелік комиссияның, оқу орындарының, құрылымдық бөлімшелерінің әдістемелік кеңестерінде қаралып, оң пікірлер берілген соң, оқу орны басшысының оқу ісі (оқу-әдістемелік ісі) жөніндегі орынбасары бекітеді.

4. Оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі бірлестіктер

26. Оқу-әдістемелік жұмысқа қатысты білім беру процесі субъектілерінің қызығушылығын ҚР Заңнамаларына сәйкес құрылған және қолданыстағы бірлестігі көрсете алады.

27. Оқу-әдістемелік бірлестіктер еркін бастама негізінде салалық (мамандықтар топтары, пәндер), аумақтық біліктілік белгілеріне қарай құрылады. Оның құрамына білім беру ұйымдарының, жұмыс берушілердің, әлеуметтік әріптестіктердің өкілдері кіреді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ